



№8 (1642)
9 наурыз
2017 жыл

www.kaznu.kz

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Шуақты көктем айындағы алғашқы ректорат мәжілісі жағымды жаңалықпен басталды. Жиынға БҰҰ Қоғамдық ақпарат департаментінің Қазақстандағы өкілі Властимил Самек арнайы келіп, университет оқытушылары, Түлектер қауымдастығы және жұмыс берушілер атынан баспасөз және электронды БАҚ, теориялық қаржы және ядролық физика кафедраларының елуге тарта студентіне шәкіртақы табыстау рәсіміне атсалысты. Оқуда озат, ғылымға құштар шәкірттерді қолдауға бағытталған бұл шара университетімізде бүгінде игі дәстүрге айналғаны көпшілікке мәлім.

Ал күн тәртібіндегі сұрақтарды талқылауға көшкен тұста, алдымен, университеттің ақпараттық-сараптамалық жүйесін (АСЖ) жүзеге асырудың алғашқы қорытындылары туралы Ақпараттық технологиялар және инновациялық даму институтының директоры Жаныл Мамықованың хабарламасы тыңдалды.

Жалғасы 2-бетте

БӘРІ ДЕ СІЗДЕР ҮШІН!



Күндей күлімдеген шуақты көктеммен қатар келген 8-наурыз халықаралық әйелдер күні қарсаңында ҚазҰУ жігіттері нәзік жанды аруларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Ақ жаулықты әже, ардақты ана, сұлу қыз-келіншектеріміз үшін тек ер-азаматтардың өнер көрсетуі университет ректоры Ғалым Мұтанұлының бастамасымен биыл жетінші рет жүзеге асып отыр.

Көңілді кеш шымылдығын физика-техникалық факультетінің оқытушысы, республикалық ақындар айтысының жүлдегері, ақын – Қазірет Бердіхан аруларға арнауымен ашты. Жүрекжарды құттықтау сөзді әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов жолдады. Нәзік жанды әйелдер қауымын шын жүректен құттықтай келе, ректор: «Бұл күн университетте жыл сайын кең көлемде атап өтіледі. Бүгінгі тамаша кеш – ер-азаматтар қауымының аяулы ҚазҰУ аруларына деген сый-құрметінің жарқын көрінісі. ҚазҰУ арулары – Қазақстандағы ғана емес, әлемдегі ең сұлу, ең білімді де білікті жандар! Сіздер қандай қошеметке де лайықтысыздар. Себебі, ана – өмірдің шырағы. Анадан қымбат жан жоқ. Біз оны, әсіресе, ұлғая келе түсініп жатамыз. Аналарды құрметтеу – баршамызға парыз. Олар қуанып жүрсе, біздің де көңіліміз тоқ», – деп жылы лебізін білдірді. Сонымен қатар университет басшысы өмірде ақ жаулықты аналарымыздың қамыққан сәттеріне куә болып жататынын тілге тиек етіп, өз шығармашылығынан «Кейуана» атты өлеңін оқып берді.

Түңілдің бе әлде балаңнан,
Ақ сүтінді ақтамаған.
Орындалмай көп арман,
Шаршатты ма бұл жалған? – деп келетін өлең жолдары бүгінгі заманның ашы шындығын қозғап, көңілдерге ой салды.

Қазақ өнерін дәріптеп жүрген өнертанушы, әйгілі сазгер Владимир Питерцев әнін жазған Ғ.Мұтанұлының «Жан жылуы» және «Көңіл құсы» әнін жаңа вокалдық топ орындап, жиналған

жұртшылыққа тарту етті.

Кеште ҚазҰУ «Парасат» кәсіподағының төрағасы Талғат Мекебаев және университет проректорлары – Мұхаметқали Бүркітбаев, Тілекқабұл Рамазанов, Бауыржан Қалжеков, Асқар Хикметов орындаған «Қызыл құмда ауылым» әні аруларды бір серпілтіп тастады. Айта кетерлігі, мерекеге орай елге есімі танымал ҚазҰУ түлектері – ақын, Мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов, Жоғары сот төрағасы Қайрат Мәми, Парламент мәжілісінің депутаты Қуаныш Сұлтанов, Жазушылар Одағының төрағасы Нұрлан Оразалин және т.б. құрметті азаматтар құттықтау хат жолдады.

Салтанатты шара барысында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Радиоэлектроника және байланыс институтының курсанттары да өз өнерлерін паш етті. Сондай-ақ, ҚазҰУ агробиостанциясының инженері, өндірістік бөлімінің менгерушісі Қарпық Дінмұхамед «Алтайдың ар жағынан келген ару» әнін тамылжыта шырқады. Декан орынбасарлары мен аға куратор-эдвайзерлер «Теңізшілер әніне» би билеп, университет жылыжайында өсірілген қызғалдақ гүлдерін аруларымызға сыйға тартты. Әсем әуендерін легін құқықтық басқару қызметінің басшысы Бахтияр Құрманалиев, экономика және қаржы департаментінің директоры Хакімжан Малаев, диагностикалық орталық директоры Эрнест Қалиевтер жалғастырып, ҚазҰУ қауіпсіздік қызметкерлері халық әні «Үкілі қызды» әуелете шырқады.

Жалғасы 3,8 -беттерде

ИДЕИ, МЕНЯЮЩИЕ МИР

Отличники учебы, активисты и талантливые студенты КазНУ им. аль-Фараби прошли обучение и получили сертификаты об окончании курса «План нации - 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ Главы государства Нурсултана Назарбаева».

Двухдневный семинар-тренинг «Идеи, меняющие мир», организованный Библиотекой Лидера Нации, прошел в рамках курса, обрел международный формат и объединил активную студенческую молодежь КазНУ им. аль-Фараби, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Кыргызского национального университета им. Ж.Баласагына и Кыргызско-Российского славянского университета им. Б.Н.Ельцина. Каждому участнику была подарена книга «Наш Президент», авторами которого являются М. Касымбеков, А. Молдагарин и Е. Хасенов.

По словам заместителя директора Библиотеки Лидера Нации Жапсарбай Куанышева, уникальный масштабный проект «Идеи, меняющие мир» очень популярен среди молодежи и получил продолжение во многих регионах Казахстана. Обучение прошли 3682 слушателя – это студенты вузов, учащиеся старших классов, педагоги, государственные служащие, представители СМИ, представители правоохранительных органов, Национального университета обороны имени Первого Президента РК, представители молодежных организаций.

Продолжение на 7 стр.

БҮГІНГІ САНДА:

С ВИЗИТОМ ИЗ УНИВЕРСИТЕТА ДЖОРДЖТАУН



2-стр.

ХОББИ, СТАВШЕЕ ГЛАВНЫМ ДЕЛОМ ЕГО ЖИЗНИ!



5-стр.

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯҒА АЙНАЛҒАН «МӘҢГІЛІК ЕЛ»



6-бет

С визитом из университета Джорджтаун

Представители Центра международных и региональных исследований университета Джорджтаун в Катаре во главе с профессором Мехран Камравой с официальным визитом посетили КазНУ им. аль-Фараби.



поддержала предложения профессора М.Буркитбаева развивать программы по обмену студентами и преподавателями, совместному руководству PhD докторантов, публикации научных статей и книг в соавторстве с экспертами Центра международных и региональных исследований. В ходе переговоров с деканами факультетов КазНУ специалисты заинтересовались в совместном проведении исследований в области исламского финансирования и банкинга, а также в развитии сотрудничества с центрами арабистики, иранистики, Центром Евразийских исследований, Центром по изучению традиционных цивилизаций Центральной Азии.

Профессор Булат Кумекоев отметил о деятельности Международного института

кипчаковедения КазНУ, который занимается исследованием средневековой истории Казахстана, Средней Азии и Евразии, исламской цивилизации, культурного наследия арабов по географическим и историческим сочинениям, арабским письменным памятникам. Б.Кумекоев пригласил зарубежных экспертов в Институт кипчаковедения посмотреть уникальную цветную географическую карту мира, автором которого является выдающийся географ 12 века аль-Идриси. В свою очередь, Мехран Камрава подарил университету эксклюзивные журналы «Asia papers», «South Caucasus», «The great game in West Asia», которые издаются Центром, и книги о Катаре, Палестине и Иране, автором которых он является сам.

А.КАМАЛДИНОВА

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АЯСЫНДА

Жуырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтановтың Иран Ислам Республикасының ҚР-дағы Төтенше және Өкілетті елшісі Можтаба Дамирчилюмен кездесуі болып өтті.

Кездесу аясында тараптар білім мен ғылымды дамыту саласындағы Қазақстан-Иран ынтымақтастығы мәселелерін, сондай-ақ, ғылыми-зерттеу, гуманитарлық білім беру және мәдени жобаларды бірлесіп жүзеге асыру мүмкіндіктерін талқылады.

Ғалым Мұтанов ҚазҰУ ғалымдарының Түркия, Иран, Ұлыбританияның серіктес ЖОО-мен бірлесе ұйымдастырған «Иран-Тұран» ірі жобасын жүзеге асыруда қолдау көрсеткені үшін ИИМ Елшілігінің Бас консулдығының Мәдени орталығына алғыс білдірді. Бұл жоба түркітанулық зерттеулерді дамытуды және Кэмбридж университетінің негізінде Орталық Азия зерттеулерінің орталығын ашуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар, ректор ислам әлемі елдерінің университеттері, орталықтары және мекемелерімен ынтымақтастықтың тиімді векторын атап өтті. «ҚазҰУ мәдениет, ғылым және білім беру мәселесі бойынша Ислам ұйымымен бірлесіп жұмыс істеуде (IS-ESCO). Қазақстандық және шетелдік қоғамдық-саяси қайраткерлердің қатысуымен ұйымдасқан «Әл-Фараби және қазіргі заман» халықаралық форумы – әріптестіктің жаңа деңгейі және әлем ғалымдарының заманауи диалогына арналған ерекше платформа», – деді Ғалым Мұтанов. Мәселен, ҚазҰУ мен Ш. Бехешти атындағы университет арасындағы келісім нәтижесінде ҚазҰУ PhD докторанттары Иранда білім алып, сирек металдарды алу саласында зерттеулер жүргізуде.

Өз кезегінде Можтаба Дамирчилю қонақжайлылығы үшін университет басшылығына алғыс білдіріп, ынтымақтас мемлекеттер арасындағы ғылыми-білім беру, мәдени байланыстың дамуына өзара қызығушылық танытатынын айтып өтті. Ректор Ғалым Мұтанов Иран университеттерімен әріптестік аясында ядролық физика, ядролық қауіпсіздік саласында зерттеулер жүргізуді және ҚазҰУ-да нанотехнологиялар, экономика және логистика бойынша зерттеу орталығын ашуды ұсынды.

Кездесу барысында Можтаба Дамирчилю «Әл-Фараби» мұражайымен танысты. Шығыстану факультетінің студенттері мен оқытушыларына «Елшілік сағатын» өткізіп, халықаралық қатынастардың заманауи тенденциялары мен екі мемлекет ынтымақтастығы бағыттарын талқылады. Сонымен қатар, Алматы қаласындағы ИИМ Елшілігі Бас консулдығының Мәдени орталығы мен иранистика бөлімі «Иран фильмдері арқылы ауызекі парсы тілін үйрену» тақырыбында Шахид Бехешти атындағы университет профессоры Амир Ченаридің ғылыми-әдістемелік семинарын ұйымдастырды.

Өз тілшімізден

Елші сағаты



Оңтүстік Африка Республикасының Қазақстан, Түркіменстан, Қырғызстан және Тәжікстан Республикаларындағы елшісі Кийтуметци Сейпело Сандека Мэттьюс ҚазҰУ-ға арнайы іссапармен келді.

Бүгінде ҚазҰУ әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық байланыстарын жан-жақты дамытуда. Олардың арасында Оңтүстік Африка мемлекетінің үздік оқу орындары да бар. Бір айта кетерлігі, БҰҰ қарары бойынша, жыл сайын 18 шілде күні саяси күрескер, Африка көсемі «Нельсон Манделаның халықаралық күні» атап өтіледі. Орнатылған байланыстар

арқасында екі жыл бұрын университеттің философия және саясаттану факультетінде Н. Мандела атындағы аудитория ашылған. Кездесуде ректор атап өткендей, университет академиялық ұтқырлық, тәжірибе алмасу және ОАР-дың үздік университеттерімен достық қарым-қатынастарын одан әрі дамытуға ниетті. Ғалымдардың пікірі бойынша, Оңтүстік Африкада ҚазҰУ орталығын ашу арқылы білім және ғылым бағытындағы байланыстарды дамытып нығайтудың мол мүмкіндігі туады.

Өз кезегінде елші Кийтуметци Сейпело Сандека Мэттьюс ханым университет басшылығына өз ризашылығын білдіріп, екі ЖОО арасындағы қарым-қатынастарды дамытудың бірсыпыра жолдарын атап өтті. Қазіргі таңда ОАР-дың білім беру министрлігі астрономия саласын дамытуға үлкен мән беріп, осы бағыттағы жобаларды қолдайтындығын жеткізді. Сондай-ақ, елші ханым ҚазҰУ-дың дипломатиялық жастар орталығында елшілік сағат аясында оқытушылар мен студенттерге дәріс оқыды.

Г. БАЯНДИНА

РЕКТОРАТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Аталған жүйенің негізгі мақсаты университет бойынша жинақталған барлық ақпаратқа қатысты қабылданған шешімдерді, олардың үрдістерін және қолданыстағы тарихи мәліметтерді сараптап, оның даму бағыттарын болжау болып отыр. Заманауи ақпараттық сараптамалық жүйе арқылы барлық компьютер пайдаланушылары керекті сараптамалық есептерін жедел жасауға атсалысатын интерактивті сараптамалық ақпарат құралдарын пайдалана алады. Жүйе жұмысын егжей-тегжейлі түсіндіріп берген департамент директоры қолданылып отырған жана жүйе университеттегі оқу процесін, ғылыми-зерттеу қызметін, госпиталдық процесі, халықаралық қызметті, қаржы және сыртқы әлеммен қарым-қатынас жасау сияқты мәселелер бойынша онтайлы шешім шығаруға мүмкіндік беретіндігін де тілге тиек етті. Жұмыс барысында университет қызметінің 124 мониторингтік көрсеткіші анықталып, есеп-қисап түрлерінің 64 формасы

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

жасалынды. Бұл бағыттағы жұмысты одан әрі жақсарту мақсатында бірсыпыра міндеттер де айқындалды.

Сондай-ақ мәжілісте жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті мен Экономика және бизнес жоғары мектебінің индикативті жоспар көрсеткіштері бойынша жол картасының орындалуы туралы есеп тыңдалды.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің деканы Еркін Жаппасовтың ақпараты бойынша, биылғы жылы факультетте шетелдік тыңдаушылар қатары артқан. Сонымен қатар әлеуметтік тәрбие, халықаралық қатынастарды дамыту, отандық және шетелдік БАҚ құралдарында шыққан материал санын арттыру жұмыстары да жоспарға сәйкес орындалуда. Жол картасының орындалуы көрсеткіштері Экономика және бизнес жоғары мектебінде

де көңіл қуантарлықтай. Ал ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілекқабыл Рамазановтың берген мәліметтері бойынша, жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті ғылыми-инновациялық бағытындағы қызметін үдетуді қолға алуы қажет. Экономика және бизнес жоғары мектебі кос дипломды білім берудің жолдарын кеңейту мүмкіндіктерін қарастыру керек. Аталмыш факультет бұл тұрғыда Алтай мемлекеттік университетімен (Ресей), Ельцин атындағы УРФУ, Индияның Амита (Индия, 121-130 QS University Rankings: BRICS 2016) университетімен және т.б. ЖОО-лармен ынтымақтастық келісімдерін жасаған. Мәжілісте қаралған мәселелер бойынша оқытушы-профессорлар қауымы өз пікірлерін ортаға салып, ұсыныстарын жеткізді.

Г. БАЯНДИНА



Встреча с Президентом

Накануне весеннего праздника - 8 марта Глава государства Нурсултан Назарбаев провел встречу с представительницами женской общественности Казахстана «Көктем шуағы». 16 представительниц прекрасного пола страны, работающие в различных сферах, встретились с Президентом в Акорде. Среди счастливых милых дам была и заместитель директора по науке НИИ проблем экологии КазНУ им. аль-Фараби Алия Ернарарова.

На встрече «Көктем шуағы» Нурсултан Назарбаев отметил неопределимую роль женщин в развитии казахстанского общества. «Как один из спикеров, перед выступлением я волновалась, но как только Президент вошёл в зал и начал свою речь, создалась благоприятная атмосфера. Нурсултан Абишевич поздравил нас с праздником 8 Марта, пожелал крепкого здоровья, успехов, счастья, семейного благополучия. Он не оставил без внимания ни одну из нас, его тёплые

слова поддержки зарядили присутствующих мощной положительной энергетикой. Мероприятие прошло на одном дыхании. Глава государства провёл для нас экскурсию по Акорде и показал резиденцию. Меня это особенно тронуло, поскольку мы получили возможность посмотреть приемную и кабинет Главы государства», - поделилась своими впечатлениями Алия Ернарарова.

ПРЕСС-СЛУЖБА

Жалғасы. Басы 1-бетте

БӘРІ ДЕ СІЗДЕР ҮШІН!

«Қазақ университеті» Баспа үйінің ғылыми бөлімінің қызметкері Гүлмира Бекбердиева: «Бұл – ҚазҰУ аруларының көптен күткен күні. Біз барлық жағынан талантты ҚазҰУ ер-азаматтарының өнерін жыл сайын асыға күтеміз. Олар әрі жоғары дәрежелі оқытушы, әрі ғалым, әрі басшылық қызметті қатар алып жүрген жандар. Осы мерекеледе университеттің ер-азаматтар қауымы би билеп, ән салады, өлең оқып, сахналық қойылым да қояды. Бәрінен бұрын Ғ.Мұтановтың сөзіне жазылған «Кейуана» және «Көңіл құсы» әні үлкен тосынсыз болды. Мұның барлығы – біздер, әйелдер үшін! Әрқашан біздің университет, ректор, проректорлар мен декандар, олардың орынбасарлары, оқытушы-профессорлық құраммен мақтанғым келіп тұрады», – деп кештен алған әсерімен бөлісті.

№15 Студенттер үйінің қызметкері Жәнісгүл Батырғалиева: «Бүгінгі бізге арналған мерекелік бағдарлама көңілімізнен шықты. Жылына бір келер мереке шаттық пен қуанышқа толы болды. Университет ішіндегі әр саланың мамандары, жұмыстағы әріптестерімізге алғыс айтамын. Осындай кештің өтуі университеттегі береке мен бірліктің нәтижесі деп білемін», – дейді.

География және табиғатты пайдалану факультетінің 2-курс студенті Жібек Әли: «Бәрі де әдемі әрі қызықты болды. Ерекше кешке куә болғаным қуаныштымын. Үздік университеттің басшылары, оқытушылары мен қызметкерлері өнер жағынан да алдыңғы орында деп айтар едім», – деп, кештің көңілді өткенін атап өтті.

Жүректен шыққан ыстық лебіздер мен түрлі сый-сыяпат аруларды қуанышқа бөледі. ҚазҰУ кафедра менгерушілері Ермек Әубақиров, Сұлтан Төлеуханов, Ермек Ділмаханбетов, Молдахмет Мырзабеков, Берекет Кәрібаев, Жетпісбай Бекболатұлы орындаған «Ой жемге» әні кеш сәнін кіргізді. Талай дарын өнерге қадам басып ел алдына шыққан Ө.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайының қызметкері Юрий Карпов орындаған «Песенка Герцога из Риголетто» әні көрерменді баурап алды. Ер жігітке жеті өнердездеп, ҚазҰУ-дың сегіз қырлы бір сырлы жігіттері Жамбыл Сатыбалдинов, Батыр Шопабаев, Хайдар Тасибеков, Төлеген Меркібаев италиян тілінде ән шырқады. Жоғары дәрежеде ұйымдастырылған кеш тізгінін теле-журналист, филология факультетінің оқытушысы Мейрамбек Таубалдиев пен эзіл әлемінің майталманы Дастан Жайнақ ұстады. Халқымыздың болашағы, еліміздің ертені ҚазҰУ жастарының «Іңкәрім-ай» әні іңкәр жүректен қылын тербетті. Бүгінгі өнерпаздар қатарында ҚазҰУ әскери кафедрасы, Александр Болгов, Рафаэль Ибрагимов және Камал Қоңқараевтар да өнер көрсетті.

«Бәрі де Сіздер үшін!» деп аталған кешке университет басшылығы, оқытушылары мен қызметкерлер түгелдей атсалысты. Ер-азаматтарымыз ұйымдастырған дәстүрлі мерекелік кеш биыл да жоғары деңгейде өтті. Гүлдей құлпырған аруларымызға арналған концерттік бағдарлама «Гүл сыйлайық әйелге» әнімен аяқталды.

Мұхтар СЕРЖАН

Интеграция науки и бизнеса

Глава государства Н.А. Назарбаев в своем Послании «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» отметил пять основных приоритетов Третьей модернизации Казахстана, которые обеспечат темпы роста экономики выше среднемировых и устойчивое продвижение в число 30 передовых стран. Президент определил стратегические задачи по созданию новых индустрий, приданию нового импульса развитию традиционных базовых отраслей, продолжению индустриализации с упором на развитие конкурентоспособных экспортных производств в приоритетных отраслях. Перед Правительством страны стоит задача по активизации работ по увеличению несырьевого экспорта Казахстана в два раза к 2025 году.

В целях реализации обозначенных поручений Управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития Алматинской области провело семинар-совещание по разъяснению мер государственной поддержки экспортно-ориентированных предприятий. Мероприятие состоялось 3 марта 2017 года в Акимате Карасайского района.

В работе семинара приняли участие руководители и представители промышленных предприятий Алматинской области, в том числе специалисты по введенным и реализуемым в области проектам в рамках Государственной программы по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан (ГПФИИР). Также эксперты институтов развития Казахстана АО «Экспортно-кредитная страховая корпорация «КазЭкспортГарант», АО «Национальное агентство по экспорту и инвестициям «КА-

ZNEX INVEST» и КазНУ им. аль-Фараби. Участники обсудили конкретные меры и инструменты господдержки развития и продвижения экспортного потенциала субъектов реального сектора экономики Алматинской области.

Декан механико-математического факультета Мактағали Бектемесов и заведующий кафедрой аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов Хайдар Тасибеков рассказали о положительном опыте КазНУ в деле по подготовке профессиональных кадров для программы ГПИИР, перспективах развития вуза, а также реальной конвертации научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ (НИОКР) в реальный сектор экономики региона.

Руководитель Управления предпринимательства и индустриально-инновационного развития Акимата Алматинской области Маржан Мұрат отметила, что

в условиях инновационной экономики и экономики знаний, генерация новых знаний и технологий достигается за счёт объединения усилий государства, бизнеса и университетов, являющихся ключевыми элементами инновационной системы любой страны.

Участники семинар-совещания сошлись во мнении, что для достижения эффективных результатов в деле реализации экспортно-ориентированных программ, а также инвестиционной политики региона в целом всем хозяйствующим субъектам рынка Алматинской области необходимо тесно интегрировать свою деятельность с системой образования и науки. Эксперты акцентировали внимание, что без квалифицированных и компетентных специалистов невозможно обеспечить технологическую модернизацию любого предприятия, следовательно, обеспечить выпуск экспортно-ориентированной конкурентоспособной продукции высокого передела.

Х.С. ТАСИБЕКОВ,

заведующий кафедрой аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов,

к.х.н., ассоц. профессор;

А.А. МУСАБЕКОВА,

куратор-эдвайзер учебной группы магистрантов ГПИИР,

к.х.н., доцент

ОЛИМПИАДА

Жақында ҚазҰУ-да дарынды оқушыларға қолдау көрсету мақсатында Республикалық ғылыми-тәжірибелік «Дарын» орталығымен бірлескен 11-сынып оқушыларына арналған «Әл-Фараби» республикалық олимпиадасының 1-кезеңі өтті.

Олимпиаданың бірінші кезеңі on-line түрінде www.kaznu.kz сайтында өткізілді. Мектеп бағдарламасы бойынша 13 пәннен: ағылшын тілі, биология, дүниежүзі тарихы, география, информатика, Қазақстан тарихы, қазақ тілі және әдебиеті, математика, неміс тілі, орыс тілі және әдебиеті, физика, француз тілі, химия бойынша барлығы – 9029 оқушы қатысты. Республика бойынша 14 облыс, Астана және Алматы қаласы бойынша белсенді түрде қатысқан – Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстарының оқушылары болды.

Ал екінші кезеңге 503 оқушы өтіп, олардың ішінде 236 оқушы қазақ тілінде, 267 оқушы орыс тілінде тест тапсырды.

On-line түрінде www.kaznu.kz сайтында өткен 2 кезеңде оқушыларға тест сұрақтары 3 деңгейде берілді. Біріншісі – берілген 5 нұсқаның біреуі дұрыс жауап; екіншісі – берілген 5 нұсқаның екеуі дұрыс және үшіншісі – берілген сұраққа оқушы өз жауабын енгізуі керек. Бұл кезеңнен сүрінбей өткен оқушылар сәуірдің 6-7 күндері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қалашығына келіп, 3-кезеңге қатысады. Ең бастысы, олимпиада жүлдегерлері грантка оқуға түсу кезінде артықшылыққа ие болады.

Кәсіби бағдар беру орталығы

Прошел посольский час с Чрезвычайным и Полномочным Послом Исламской Республики Иран в Казахстане Можтабой Дамирчилю

Алаш ардақтыларын ҰЛЫҚТАЙЫҚ!

Жұртым деп жұдырықтай жұмылған Алаш қайраткерлерін ұлықтау – батыл бабаларының жастар жадында айрықша орынға ие екендігінің белгісі. Азаттық жолында аянбай тер төккен ардақтылар өмірінің тарихқа еңбеген тың тұстарын жастарға жеткізу қажет-ақ. Осы мақсатта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультеті «Жас архивист» клубы мүшелерінің ұйымдастыруымен Алаш қайраткері Асылбек Сейітовтің қызы Сейітова Клара Асылбекқызымен кездесу өтті.



Асылбек Сейітов 1894 жылы 22 қаңтарда Омбы қаласында Батыс Сібір генерал-губернаторы кенесі аудармашысының отбасында дүниеге келген. Алдымен орыс мектебінде, содан соң Омбының классикалық ерлер гимназиясында оқыған. 1911 жылы Том университетінің медицина факультетіне оқуға түскен ол ел басына күн туған қысылтаяң кезеңде халықты түрлі аурулардан емдеп, аянбай еңбек еткен. Сонымен қатар, ұлтжанды азамат Алашорданың Ақмола облыстық комитеті басшыларының бірі бола отырып, ұлт-азаттық қозғалысына үлкен үлес қосқан.

Аналар мерекесі қарсаңында ұйымдастырылған бұл жиынға факультет студенттері, «Жас архивист» клубының мүшелері, сондай-ақ, жас өнерпаздар қатысты. Кездесуге жұбайымен бірге келген 80 жастағы Клара Асылбекқызы өз әңгімесін әкесінің өмірбаянымен бастады. Ол Асылбек Сейітовтің Алаш қозғалысына

айрықша үлес қосқанын тілге тиек етті. Жарық дүниеге келген сәтінен бастап атананың жылы алақанын, ыстық мейірімін сезінбеген Клара Сейітова әкесінің қуғынға ұшырап, әділетсіз түрде оқ астында қалғанына күйінетінін жеткізді. Өз сөзінде: «Мен әкемді өмір бойы күттім. Анамның қайтыс болғанын білгеніммен, «әкем тірі болуы мүмкін» деген ой санамнан кетпеді. Кейіннен ол кісінің 8 желтоқсан күні атылғанын білгенде жүрегім қарсаң айырылды. Әкем қайтыс болған соң 6 айдан кейін мен дүниеге келіппін. Тағдырдың жазуы осылай болғаны ғой», – дей келе, әкесінің Алаш қайраткерлері қатарынан тысқары қалып қойып жатқандығын да айтып өтті.

Асылбек Сейітов – медицина саласында өзіндік орны бар айрықша тұлға. Ол қазіргі уақытта Алматы қаласының Мақатаев көшесінде орналасқан №5 қалалық аурухананың да негізін қалаған. Бұл ғимараттың сыртында Алаш қайраткеріне арнайы тактайша орнатылған. Ұлт жанашырының қызы Клара Сейітова әкесіне арналған ескерткіш орнатылғанын қалайтынын жеткізді. Сондай-ақ, өмірін әкесінің еңбек жолын зерттеуге арнаған өжет қыз Алматы қаласындағы Асылбек Сейітов көшесінің тым қысқалығына да қынжылатындығын айтты.

Жиынға қатысушылар асылдың тұяғы Клара Сейітованың жүрекжарды әңгімесін ұйып тындап, қайраткер Асылбек Сейітовтің тарихи суреттерін көріп тамашалады. Кеш соңында «Жас архивист» клубы мүшелері домбыра, гитара сынды аспаптармен ән айтып, өз өнерлерін ортаға салды. Студенттер Клара Асылбекқызын мерекесімен құттықтап, сыйқұрмет көрсетті.

Оразгүл МҰХАТОВА,

тарих ғылымдарының докторы, профессор

СОВРЕМЕННЫЕ ТРЕБОВАНИЯ

Интеллектуально-образовательный потенциал – это ключевой ресурс, способный обеспечить конкурентоспособность и экономический рост страны в условиях новой экономики, основанной на знаниях и инновационных технологиях. Реализуя задачи поставленные в Послании Президента народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность», профессорско-преподавательский состав кафедры «Учет и аудит» особое внимание уделяют четвертому приоритету – улучшение качества человеческого капитала.

В Высшей школе экономики и бизнеса активно проводится работа по подготовке и переподготовке кадров, а также по обеспечению республики квалифицированными и конкурентоспособными экономистами. На кафедре «Учет и аудит» работают ученые-экономисты, профессиональные бухгалтера РК и аудиторы, обладающие международными дипломами. Функционирует Центр подготовки практических бухгалтеров, который предоставляет возможность получения международной сертификации по программе CIPA (Certified International Professional Accountant) в области бухгалтерского учета и аудита. Документ признается 30 профессиональными организациями из 11 стран и дает уникальную шанс работать по всему миру. Также прошла модернизация образовательных программ в соответствии с требованиями рынка труда и передовым мировым опытом обучения на производстве.

Б.Б. СУЛТАНОВА,

к.э.н., доцент кафедры учета и аудит

Қыры мен сыры МОЛ МАМАНДЫҚ

Журналистика факультеті бүгінде студенттер үшін танымдық жиындарды, кәсіби дәрістерді ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған. Әрбір дәріс факультет қабырғасында білім алып жүрген студентке дұрыс бағыт-бағдар беруді мақсат етеді. Жастар көкейінде жүрген сан сұрақтарға жауап алу арқылы журналистиканың жаңа қырларымен таныса түсетіні анық.

Осы орайда жуырда «Асыл арна» телерадиокомпаниясының бас директоры Мұхамеджан Тазабек арнайы шақырылып, факультет студенттеріне «Нәлден бастап телеарна ашудың жолдары» тақырыбында дәріс оқыды.

Бүгінгі таңда «Асыл арнаның» Қазақстанның барлық аймақтарына таралып, елімізге ата-дәніміздің, ұлтмыздың құндылықтарын дәріптейтін бірден-бір арна екендігі белгілі. Дәріс барысында аталған телеарна басшысы өзінің болашақ журналистерге деген ақыл-кеңесін айтып, ыстық ықыласын білдірді. Отандық журналистикадағы исламдық-ағартушылық бағыты қалыптастырған ол өз тәжірибесінде болған оқиғалармен, телеарнада кездесетін қиындықтармен бөлісті. Оның сөзінше, ең алдымен, журналистің мықты мақсаты және сол мақсатқа жетелейтін амалдары болуы тиіс. Қандай да бір істі бастамас бұрын барлығын ой елегінен өткізіп, дұрыс саралау қажет. Сондай-ақ журналист әр жұмысында батылдық танытып, көп еңбектенуі керек. Журналистердің құзырындағы төртінші билік халық қамы үшін жұмсалуды шарт. Ұлт мүддесін қорғап, өз сөзіне жауапкершілікті сезіне білу – журналистің басты міндеті. Жалпы М. Тазабек әлем журналистикасының тәжірибесінен үлгі алудың маңыздылығын да атап өтті. Кездесуде студенттер өз ойларын ашық білдіріп, журналистің бойында болуға тиіс қасиеттерге қанықты.

Ақмөлдір ТІЛЕПБЕРГЕН,
аға оқытушы

Зымыран заман талабы ақпарат нарығына білікті мамандар даярлайтын журналистика факультетінің ұжымы алдына асқаралы міндеттер қойып отыр. Солардың ең бастысы – оқулық-әдістемелік қызмет сапасын арттыру және әлемнің үздік білім ордаларымен баянды байланыстарды жолға қою болып табылады. Бұл орайда қол жеткізген жетістіктер аз емес. Атап айтқанда, Американың Колумбия университетімен, Польшаның Адам Мицкевич атындағы және Николай Коперник атындағы университеттерімен арадағы қарым-қатынастар жылдан-жылға нығайып келеді. Енді, міне, осынау тиімді өзара іліктестіктер қоржыны тағы бір тарту-таралғымен толықты.

Өткен аптада университетімізге айшылық алыс Түркиядан келген мәртебелі меймандардың жолы түсті. Түрік дүниесінің ең көне жоғары оқу орны, қабырғасы 1453 жылы қаланған Ыстамбұл университетінің журналистика факультетінің деканы, профессор, ғылым докторы Ергүн Иолджу мен осы факультеттің кафедра меңгерушісі, доцент, ғылым докторы Өнур Акиол ұжымымыздың ұстаздарымен, шәкірттерімен жүздесті, М.Барманқұлов атындағы оқулық телестудия мен радиостудияны аралап көрді, «Айқап» журналының редакциясында болды.

Жылы жүзді кездесуде түркиялық журналист-ғалымдар «Түркі әлемінің медиаорталығын» ашу мәселесін көтеріп,

Жемісті жүздесу



бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейлеріндегі білім беру бағдарламаларын дамытуды және ғылыми байланыстарды жолға қою қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ академиялық ұтқырлық бойынша студенттер алмасу да маңызды. Түркия Республикасының «Мевлана» бағдарламасы бойынша қаржыландырылатын жобаларға қазақстандық әріптестердің де қатысуы күн тәртібінде тұр. Бұл орайда Ыстамбұл университетінде «әл-Фараби ғылыми-зерттеу орталығы» ашылса, Қазақ ұлттық университетінде «Түріксоy» кафедрасы шаңырақ көтерді. Басқосуда сөз алған факультет деканы Сағатбек Медеубек және кафедра меңгерушілері Жетпісбай Бекболатұлы, Гүлмира Сұлтанбаева, Назгүл

Шыңғысова өз ойларын ортаға салып, ұсыныс-тілектерін білдірді.

Сондай-ақ шетелдік әріптестер «Қазақ газеттері» ЖШС мен Қазақ радиосы ұжымдарында болды. Кездесуде «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры-редакторлар кеңесінің төрағасы Жұмабек Кенжалин серіктестік құрамындағы басылымдардың өткені мен бүгінгі, көтеріп келе жатқан көкейтесті тақырыптары турасында егжей-тегжейлі әңгімелеп берсе, Қазақ радиосының қонақжай шаңырағында меймандар журналистерге сұхбат беріп, кенінен пікір алмасты.

Гүлнар МҰҚАНОВА,

доцент, «Айқап» журналының жсауапты редакторы

ҚазҰУ-дың 41 мамандығы FIBAA сапа сараптамасы мен білім беру бағдарламаларының аккредитациясынан өтті

ХОББИ, СТАВШЕЕ ГЛАВНЫМ ДЕЛОМ ЖИЗНИ!

Заслуженному тренеру

РК, доценту Анатолию

Аристарховичу

Носкову

исполняется

80 лет.

Анатолий Аристархович родился в Алма-Ате 13 марта 1937 года. С детства он интересовался шахматами, и уже к тринадцати годам, освоив шахматные азы, записался в школьный шахматный клуб. В 10-м классе (1955 г.) он получил 1 разряд, вошел в состав сборной команды Казахстана среди школьников и впервые поехал в Ригу на чемпионат СССР среди юниоров.

После окончания школы поступает в КазГУ им. С.Кирова на биологический факультет, по-прежнему посвящая шахматам все свободное время. Тренера у него не было. «Моими тренерами были книги, журналы и соревнования», – вспоминает Анатолий Аристархович. Команда КазГУ, в состав которой входили Исай Голяк, Владимир Либеров, Аида Муслимова, Анатолий Носков, неоднократно завоевывала первые места.

На 4 курсе в 1960 году в составе делегации журналистов СССР его командировали от газеты «Ленинская смена» на XIV всемирную шахматную олимпиаду в г. Лейпциг (ГДР). Это была первая крупная зарубежная поездка Анатолия Носкова, которая стала одним из ярких событий в его жизни. Анатолий Аристархович видел партии шахматной элиты той олимпиады – М. Ботвинникова, В. Смыслова, Т. Петросяна, М. Найдорфа и многих других известных шахматистов мира. Был рядом, наблюдал игру талантливейшего Роберта Фишера, что называется «держался за пиджачок».

После окончания университета Анатолий Аристархович в 1961 году поступил в аспирантуру при Институте ботаники Академии наук КазССР. Занялся научной работой по гидробиологии, но не оставил свое любимое занятие – шахматы. Как он сам говорит, «мое хобби стало главным делом моей жизни». На полставки работал в университете, возглавляя сборную команду университета по шахматам.

А. Носков, выиграв матч у одного из ведущих ленинградских мастеров спорта Ефима Столяра, стал первым мастером спорта по шахматам города Алма-Аты (1965 г.). Он призер многих международных и республиканских шахматных турниров, многократный финалист чемпионатов СССР и РК, судья высшей национальной категории, арбитр многих международных турниров.

Анатолий Аристархович на протяжении десятилетий является главным тренером сборной студенческой команды

Казахстана, которая успешно выступает на мировых первенствах по шахматам. На X чемпионате мира в г. Новокузнецке (Россия, 2008 г.) Казахстан занял почетное четвертое место, на чемпионате мира 2010 г. в Цюрихе (Швейцария) команда повторила свой успех, а гроссмейстер Ануар Исмаганбетов стал серебряным призером в личном зачете. В октябре 2010 г. сборная РК завоевала серебряные медали на Первой Универсиаде тюркоязычных стран в Анкаре (Турция), под его руководством в 2011 г. впервые принимала участие на 26-летних Всемирных студенческих играх в Шень-Чжень (Китай) и вошла в десятку сильнейших.

Жизнь Анатолия Аристарховича насыщена. Он активно занимается научной работой, изучает Балхашский и Бухтарминский водоемы, пишет научные статьи, ездит на республиканские и международные гидробиологические съезды, экспедиции и участвует в научно-методических и научно-практических конференциях по актуальным проблемам физической культуры и спорта. Шахматы сопутствуют ему по жизни, он является автором многих научно-методических работ по теории и практике шахмат. Им написаны сотни статей в газетах и журналах по пропаганде и развитию не только шахмат, но и более двадцати научных и публицистических работ по гидробиологии, в частности по экологии озера Балхаш и Капчагайского водохранилища.

С 1976 по 1979 годы А. Носков работает директором шахматного клуба, 1979-1980 годы становится старшим тренером сборной команды Казахстана по шахматам и возглавляет сборную на спартакиаде народов СССР. А в 1980 году ректор КазГУ Умирбек Арсланович Джолдасбеков пригласил Анатолия Аристарховича на кафедру физического воспитания. «Биологов у нас много, а вот мастеров спорта по шахматам нет. КазГУ должен стать ведущим шахматным вузом Казахстана!», – поставил задачу руководитель вуза, и Анатолий Аристархович ее выполнил.

Университет наработал шахматные традиции. Благодаря высокому профессионализму, творческому отношению к любимому делу Анатолий Аристархович смог подготовить десятки сильнейших шахматистов республики, а сборная команда университета под его руководством добивалась успехов в республиканских студенческих играх, универсиадах Средней Азии, Сибири, Дальнего Востока и Казахстана, соревнованиях Республиканского Совета ДСО «Буревестник». Сборная команда КазНУ по шахматам на протяжении

нескольких десятилетий является ведущей среди вузов Казахстана.

Из стен университета вышли первый международный гроссмейстер Е.Владимиров, первый национальный гроссмейстер Б.Асанов, первым мастером спорта Казахстана и Средней Азии по шахматам среди женщин стала выпускница биологического факультета КазГУ Аида Муслимова, впоследствии десятикратная чемпионка республики. В дальнейшем, международными гроссмейстерами стали В.Ткачев, сестры Гульмира и Эльмира Сахатовы, М.Сергеева, Г.Намбаева, мастерами спорта – Т.Балабаева, С.Ким, В.Иржанова, Т.Гудова, Т.Живаева, Е.Рыбакова, Б.Аккозов и многие другие. А. Носков

подготовил двукратного чемпиона мира среди инвалидов по зрению Мурата Жунусова. Во все высокие достижения наших шахматистов вложена огромная работа и талант тренера. За эти заслуги Анатолию Аристарховичу присвоено звание Заслуженного тренера Казахстана.

Стоит особо отметить о работе Анатолия Аристарховича в Федерации шахмат Казахстана. С 1974 по 1991 годы он занимал должность заместителя председателя, а председателем Республиканской шахматной федерации в течение 10 лет был Олжас Омарович Сулейменов. Анатолий Аристархович очень дорожит знакомством и дружбой с поэтом и общественным деятелем. А.Носков вспоминает, как они играли блиц. Ему было очень приятно и радостно, когда О.Сулейменов встретил в аэропорту Шереметьево его и М.Жунусова, ставшего чемпионом мира по шахматам среди инвалидов по зрению. Впервые в истории казахстанский шахматист добился такого успеха, и в этом большая заслуга Анатолия Аристарховича.

Кроме научной и шахматной деятельности, А.Носков занимается и журналистикой. Хотелось бы отметить его неоценимый вклад в популяризацию и пропаганду шахмат в Казахстане. На протяжении двадцати лет он работал редактором шахматного отдела и специальным корреспондентом газеты «Вечерняя Алма-Ата», освещая ряд матчей за мировое первенство между Г.Каспаровым и А.Карповым (Москва, 1985 г., Ленинград, 1986 г., Севилья, 1987 г.). Также



длительное время он вел отдел шахмат в газете «Известия-Казахстан».

За большой вклад в развитие шахматного движения в Казахстане Анатолий Аристархович награжден грамотами и дипломами спорткомитетов СССР и КазССР, трижды – Почетным знаком ЦСДСО «Буревестник». Заразвитие студенческого спорта – Почетной грамотой акимата Бостандыкского района города Алматы в честь 10-летия Независимости РК, юбилейными медалями в честь 80-летия со дня основания университета и 70-летия победы в Великой Отечественной Войне. За заслуги в развитии шахмат президент Международной ассоциации фондов Мира А.Е.Карпов наградил Анатолия Аристарховича памятной медалью – «60 лет окончания Второй мировой войны».

Трудовая деятельность Анатолия Аристарховича связана с кафедрой физического воспитания и спорта КазНУ. Пройдя путь от ассистента кафедры до доцента, он на протяжении пятидесяти шести лет трудится на благородном поприще физического воспитания студенческой молодежи. Патриотизм, преданность родному университету, целеустремленность, талант тренера, педагога и организатора, трудолюбие, чуткость и уважение к людям – это слагаемые успехов в его деятельности.

От имени всего коллектива кафедры физического воспитания и спорта, Центра здорового образа жизни КазНУ им. аль-Фараби сердечно поздравляем Вас, Анатолий Аристархович, с юбилеем и желаем крепкого здоровья, долгих лет жизни и дальнейших успехов в благородном деле воспитания талантливых шахматистов! Счастья и благополучия Вам и вашей семье!

А.И. АРЕЩЕНКО,
директор Центра ЗОЖ, профессор;
Г.Б. МАДИЕВА,
заместитель заведующего кафедрой
физвоспитания и спорта, к.п.н., доцент



15 марта в КазНУ состоится мастер-класс известного международного бизнес-эксперта из Германии Константина Шамбера

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯҒА АЙНАЛҒАН

«МӘҢГІЛІК ЕЛ»

Тәуелсіз мемлекетіміздің құрылуы – қазақ халқының талай ғасырларға созылған ұлт-азаттық күресінің жемісі. Азаттық жолындағы қасиетті де қасіретті күрестің тарихын білу өзекті, ал сол жолда күрескен тұлғалардың қызметін өскелең ұрпаққа насихаттап, сабақ алудың маңызы аса зор. Осы орайда биыл ұлттық мемлекет құру идеясының діңгегі болған «Алаш» партиясы мен Алаш Орда үкіметіне 100 жыл толуына орай Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультеті мен «Ақ жол» демократиялық партиясының бірлесіп ұйымдастыруымен «Ұлттық идеяға айналған Мәңгілік ел» атты дөңгелек үстел өтті.



XX ғасырдың басында екі бірдей – отарлық және феодалдық езгінің қыспағына түскен қазақ қоғамы, бір жағынан, ауыр қоғамдық дағдарысқа келіп тірелсе, екінші жағынан, қалың ұйқыдан оянып, өзіне лайық жол іздеу әрекетіне көшті. Жаңа заманда өзінің ұлттық болмысы мен тарихи тамырынан, тілі мен ділінен айырылып қалмай, еуропаның озық мәдени жетістіктерін меңгеріп, сауатын ашудан бастаудың тиімділігін ұлт жанашырлары жақсы түсінді. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов және ұлттың зиялы қауым өкілдері халқына төнген қауіп-қатермен қарумен емес, интеллектуалдық қарумен, білімді игеру арқылы, саналы түрде, мәдениетті күреске шақырды.

«Алаш» қозғалысының басы-қасын – да жүріп, олар халқының жазбаша тарихын жазу, таныту мақсатында ұлтының тарихын тиянақты зерттеді, тарихи оқиғалар мен құбылыстарды саралап, олардан сабақ алуды үйретті. Сонау Қазақ хандығының іргесі қаланған кезден бастап, Ресей империясының әртүрлі халықтарды отарлау үрдісін, отарлық езгідегі халықтың ауыр жағдайын кеңінен қамтып, маңызды тұжырымдар жасап, өз халқының болашағы үшін не қажет екенін, қандай әрекеттерге бармау қажеттілігін негіздеп, ұлт тұтастығын сақтап қалудың бірден-бір жолы – заман талабына сай ұлттық мәдениет қалыптастыру және қазақ қоғамын еуропалық деңгейге жетелеп жеткізу болып табылатындығын негіздеп берді. Қазақтың мәдени қайта өрлеуі мен ұлттық бірегейлігінің идеологиясы, ұраны, туы ретінде Әлихан ұсынған «Алаш» идеясы зор нәтижеге, жеңіске жеткізді. «Алаш» қозғалысы мен қайраткерлерінің алдына қойған ауқымды стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру үшін ұлт жақсыларына ғана емес, қалың бұқараға да түсінікті, сана-сезімі мен жүрегіне ұялайтын идея болды.

Алаш идеясын жалынды жастарға кеңінен дәріптеп, сана-сезімін, ұлттық рухын, ата-баба

дәстүрін ұмытпай, Қазақстанның жаңа жаһандық жаңғыруында ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мақсатында өткен жиында университетіміздің тарих, археология және этнология, философия және саясаттану, филология және әлем тілдері, заң факультеттерінің студенттері, Абай атындағы ҚазҰПУ, ҚазМҚПУ білімгерлері өзекті тақырыптарға баяндамалар жасап, жаңа көзқарастарымен бөлісті. «Алаштану» орталығында өткен шарда еліміздің болашақта даму бағдарламалары қарастырылып, үш тұғырлы тіл мәселесі көтерілді. Әсіресе, студенттердің ішінде Ө. Жанболатова, Ш. Зұлхарнайұлы, Е.Рахатұлы көтерген мәселелер үлкен қызығушылық тудырды.

Бұл жиынға нағыз елдің мұнын мұндап, жоғын жоқтаған ұлтшыл жандар Қазбек Иса, Ерлан Ақжолұлы қатысып, Мәңгілік ел болу идеясының маңызын, жастар арасындағы күрделі проблемалар төңірегінде ой қозғап, саналы да саликалы кеңестерін берді. Жастардың болашағын ойлаған осындай ағаларымызға студенттер мен дөңгелек үстел қонақтары, тарих, археология және этнология факультетінің деканы М.С. Ноғайбаева, деканның орынбасары А.М. Уразбаева өз разылығы мен алғыстарын білдірді.

Еліміздің тәуелсіздігі жолында еңбек еткен азаматтарымызды еске алу, жас ұрпаққа насихаттау, өткен тарихымызды ары қарай зерттеу және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – тарихшы-ғалымдардың ғана емес, барлық қоғамның негізгі міндеттерінің бірі. Осы үдеден шығатын болсақ, Қазақ елі мәңгілік болмақ.

Н.А. ТАСИЛОВА,
Қазақстан тарихы
кафедрасының доценті, т.ғ.к.;
М.Д. БАЙДАВЛЕТОВА, Ph.D

ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жуырда Қазақстан Республикасы Президенті архивінде тарих, археология және этнология факультеті дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы оқытушылары, «Мұрағаттану, құжаттар жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету» мамандығының 3-курс студенттері мен ҚР Президент архивінің «Жас архивистер» кеңесінің ұйымдастыруымен Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауы жұмыс берушілермен бірге кеңінен талқыланды.

Кездесуді ҚР Президенті архиві директорының орынбасары Қ.Ш. Әлімғазин пен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Т.Ә. Төлебаев ашты. Олар Елбасы Жолдауының ел дамуындағы жетекші рөліне тоқталып, алға қойылған мақсаттар мен міндеттемелерге шолу жасады.

ҚР Президенті архивінің Әкімшілік және қоғамдық байланыс басқармасының сарапшысы Ә.Сыдықова, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Мұрағаттану, құжаттар жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету» мамандығының 3-4 курс студенттері Р. Нұрбатырова, Ш. Бурашов шара барысында баяндама жасап, Мемлекет басшысы

ұсынған басымдықтарға тоқталды. Сондай-ақ Ж.Шаштай, Б.Ораз, Г.Кәдірғалиева, Ә.Мұхтаровалар Жолдауға қатысты өз тұжырымдарымен бөлісті. Студенттер Жолдауды талдауда көтерілген негізгі мәселе – заманауи IT-технологиялардың даму үрдісі, болашақ архивист маман ретінде «Цифрлі Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруға қатысты ойларын жеткізді.

Н.К. АЛПЫСБАЕВА,
дүние жүзі тарихы, тарихнама және
деректану кафедрасының
доценті, т.ғ.к.

Механика-математика факультетінің академик **Ө.А.Жолдасбеков** атындағы үлкен залында ақпараттық жүйелер кафедрасы мен Әл-Фараби кітапханасының ұйымдастыруымен Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары, ақын, Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының, Абай атындағы ұлт сыйлығының лауреаты, Ресей Жазушылар ұйымының Сергей Есенин атындағы алтын медалі иегері Ғалым Жайлыбаймен кездесу өтті. Ақынның шығармашылығына арналған әдеби-сазды кеш «Аққулардың жыр жаздым қанатына» деп аталды.

ҒАЛЫМ АҚЫН – ҒЫЛЫМ ОРДАСЫНДА



Ғалым ақын Қызылағаштағы су тасқынын, Жаңаарқа, Қарқаралы жеріне протон құлап, табиғаттың улануын, экономикалық дағдарысты өлеңіне арқау етіп, оған жұрт назарын аударып, оқырманына ой салды. Көкірегі шерге толған ақынның соңғы 1-2 жылда жариялаған 6-7 ауқымды жинағында адам қолымен жасалып жатқан зұлымдық, обал-сауапты білмейтін қарау қоғамның қатыгездігі, уақыттың қасірет әкелген қателігі, сұрқайы заманның сұмдығы көрініс тапса, ұлттық тарихымыздың ақтандықтары мен замана зары жыршының деректі шындыққа сүйеніп жазған «Қара орамал» поэма-реквиемінде, «Тамақөшкен (жоғалған кітаптың жалғыз беті)» тарихи поэмасында орын алған.

Ақынның азаматтық лирикамен қатар махаббат сезімі, балдәурен балалық шақ, қоңыраулы да қызықты жастық шақ, табиғат тылсымы тақырыбына жазған жауһар жырлары да автордың өз орындауында оқылып, оқырмандар көңіліне нұр сыйлады. Өзінің айтуы бойынша, оның «Қап арқалап бара жатыр қыз бала» атты өлеңі өткен ғасырдың 90-жылдары қазақтың басына түскен заман ауыртыпшылығын көрсете отырып, қоғамда ұлттық рухты, қазақи намысты оятуға бағышталған.

«Бесіктен бөлі шықпай бәйге көрген, Жыр жазбауға қық жоқ сол баланың» деп жазып бастаған, поэзия атты аламан-дүбірге ардақураң жыр тұлпарын қосқан, өлең жолдары тазалыққа, сұлулыққа, адалдыққа үндейтін Ғалым ақынның оқырман қауымымен бөлісер сыры, ел, жер тағдыры жайлы толғамды ойлары көп екен. Өзіне қойылған сұрақтарға тұщымды жауап берген кеш кейіпкері өзінің бүгінгінің бүтін сөзін айтуға

туған тұғырлы ақын екенін байқатты.

Жүзлесуге Әл-Фараби кітапханасы ақынның кітаптары мен мерзімді баспасөзде жарияланған өлеңдерінен, оның шығармашылығы жөніндегі сыншылар пікірі жазылған басылымдардан тұратын «Ардақураң ақынымын Алаштың» атты көрме ұйымдастырып, көпшілікке ұсынды.

«Ақпараттық жүйелер» мамандығының бірінші курс студенттері Сағат Камила, Бекен Рақымжан және Көшім Перизат ақынның өлеңдерін мәнерлеп, нақышына келтіре оқып, автордың алғысына ие болды. Бұдан біз үздік оқып, ғылымға бет бұра бастаған жастардың Ғалым ақынның Мағжан жырлаған шолпының сынғырын еске түсіретін, сырбаз Есілдің сұлулығына, еркілігіне еліте жазылған, бүгінде жастардың сүйіп тындайтын «МұзАрт» тобының орындауындағы әсем әнге айналып кеткен «Есіл ағай» атты өлеңін ғана емес, оның сезім мен сырға толы, отаншылдыққа тәрбиелейтін және қоғамның бүгінгі өзекті мәселелеріне арналған туындыларын да оқып, танып жүргендеріне куә болды. Мехматтық өнерпаз Шәмшінұр Мекетов жанды дауыста салған ұлы Естайдың «Құсни-Қорлан» әні мен физика-техника факультетінен кешке келген қонақ, 1-курс студенті Есенбек Нұрланның гитараға қосылып орындаған қазіргі танымал әндерден тұратын попуриі оқырманның ыстық ықыласына бөленіп, көрермендердің көңілінен шықты.

Болат ӘБЕНОВ,
ақпараттық жүйелер кафедрасының
аға куратор-эдвайзері

Клуб философских встреч

В честь Международного женского праздника – 8 Марта «Клуб философских встреч» организовал первое заседание, посвященное известным женщинам-философам нашей страны.



Первыми гостями клуба стали представительницы прекрасной половины, внесшие значительный вклад в развитие философии в Казахстане. Среди них Г.Г.Соловьева, Г.К.Курмангалиева, Р.С.Сартаева, Г.Г.Барлыбаева, А.С.Сагикқызы, Ш.А.Ибжарова, С.М.Шакирова, А.К.Енсебаева, Б.А.Джамбаева, С.Ж.Едилбаева, А.С.Сыртбаева, Т.Ю.Лифанова, А.Х.Рамазанова, Ж.А.Амиркулова, Г.Х.Мямешева, Г.З.Абдрасилова.

На мероприятии с кинопоказом о женщине-философе Гипатии Александрийской, жившей в 4-5 веках, выступил Олег Борещкий. Галия Мямешева представила документальный фильм о просветителе Вольтере, подготовленный студентами отделения востоковедения в рамках курса «Философия научного познания», студенты 3 курса специальности «Философия» показали презентацию о женщинах-философах страны. О золотом веке казахстанской философской школы в 1970-80-ые годы, о потрясающем духе

академической и интеллектуальной свободы, который витал в стенах Института философии и аудиториях ФЭФ КазГУ рассказали профессора Грета Соловьева, Галия Курмангалиева, Гаухар Барлыбаева, Раушан Сартаева и Аяжан Сагикқызы. Приятной неожиданностью от заместителя директора Авторской школы Ж. Аубакировой А.К. Енсебаевой стала церемония вручения стипендий лучшим студентам специальности «Философия» от имени выпускников философского факультета 1981 года.

Встреча, прошедшая в теплой атмосфере, показала, насколько важны диалог разных поколений философов во имя преемственности идей, знаний и опыта профессиональных любителей мудрости.

Г. Ж. НУРЫШЕВА,
Г. З. АБДРАСИЛОВА,
кафедра философии

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы «Әскери психология: ерекшеліктері мен даму болашағы» тақырыбында семинар өткізді

АПАМНЫҢ ЖЫЛЫ ҚАБАҒЫ

Мен апамды жақсы көремін. Апамның аты – Күлсін. Апамның мейірім төккен сұлу жүзі мен үшін бөрінен ыстық.



Апамның маған деген ерекше ықыласын мектеп табалдырығын аттаған кезде аңғара бастадым. Бірде сынып жетекшісі бізді сабақтан ерте босатып жіберді. Апамның келгенін күтпестен мен күнделікті жүріп жүрген жолыммен үйге жүгіре жөнелдім. Кенет жолда апамның келе жатқанын көріп, көліктердің бірінің артына тығыла қалдым. Мені байқамаған апам жанымнан өте шықты. Осы бір сәтте апамды алдағанымда іштей ризамын. Бір ғаламат іс тындырғандай үйге қарай беттедім. Есіктің алдында апамды күттім, апам әзірге келе қоймады. Текке тұрмай, апамның тәтті аларсың деп берген 20-30 тиыны есіме түсіп, дүкенге кеттім. Үйге келсем, апамның өңі қашып кеткен. Өзі аппақ жүзді адам ақ қағаздай қуарып кеткен. Есіктің алдында мені күтіп тұр екен. Мені көре сала қасыма келді де: «Сен қайда жүрсің? Издемеген жерім, сұрамаған адамым қалмады», – деп ұрыса жөнелді. Сосын сабасына түсе қоймаған апам жай ғана баяу үнмен: «Үйге кір», – деді. Сосын «Сенің ата-анана не айтар едім», – деген кезде мен бұл ісімнің үлкен қателік болғанын ұғындым. Бұл жағдайдан кейін апам мектепке ерте келіп, мені мектеп ауласында күтіп тұратын

болды. Апама арнайы орындық та қойылды. Есейе келе апамның немерелеріне деген шексіз сүйіспеншілігін көріп келемін. Әйтсе де апам баланы қатты жақсы көріп тұрса да білдірмейтін, іштей риза болып, басынды сипап қояды. Мен де апамның жан-дүниесін зерттеп жүрем, ылғи да апама қуаныш сыйлағым келіп жүреді. Сабақ болмайтын күні үйде дем алып, апамның қасынан табыламын. Апамның төзімділігіне, мінезінің жайлылығына риза болып, мойнынан құшақтай аламын.

Бұл әңгіме апам туралы жүрегіме жазылған кітаптың кішкентай үзіндісі ғана. Олай дейтінім, туған-туыс жиылған жерде «Аяжанымның бұзықтығы бір басынан артылады» деп, мен туралы ұзақ айтар апам жайлы менің айтар

ыстық лебізім шексіз.

Менің алғашқы «Ана» деп аталатын өлеңім «Қазақ университеті» газетінде жарияланған болатын. Газет қолыма тие салысымен апама апардым. Нағашыларымның барлығы оқып жатыр, дауыстарынан қуаныш толқыны сезіліп-ақ тұр. Апам газетті сұрап алып, төрт бүктеп қалтасына салып алды. Қалтасының сыртынан алақанымен сипап қояды. «Бұл менің Аяжанымның жазғаны» деп күбірлеп отырғанын байқап тұрмын. Апамның әр қимылын бақылап өскендіктен, жүзіндегі маған деген ризашылық пен мақтаныш сезімін іштей сезіне түстім.

Аяжан САҒИДОЛДА,

№169 мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы

КӨКТЕМ КЕЛДІ

Сағындырған келді көктем,
Самал желі беттен өбкен.
Гүл жайнады жер беті
Жанарғандай жана леппен.
Бақ шуағын күн төгеді,
Күлімсіреп аспан көкпен.
Бұл не деген тамаша кез,
Жанымызды риза еткен.
Әуен болып маған жетті,
Көктемдегі бұл ойлар.
Жазатұғын барша дертті,
Көңілдегі жыр жолдар.

АНА

Армысыздар, ана деген асыл жандар,
Жұмағы сәбиіне ашылғандар.
Күлкілері сиқырлы қоныраудай,
Қуанышты шынайы шақырғандар.
Сіздерсіздер балаға пана болған,
Қиын кезде жол нұсқар дана болған.
Сыйлайықшы аяулы аналарды,
Жақсылықтың қашанда таны болған.
Ана деген адам ғой бағасы жоқ,
Ана деген мұхит қой жағасы жоқ.
Қарызы бәрібір де өтелмейді,
Жүрсен дағы аяғының тағасы боп.

Эльмира НҰРАХМЕТОВА,

тарих, археология және этнология
факультетінің 1-курс студенті

ШУАҚТЫ МЕРЕКЕ

Аяулы аналар мен қызғалдақтай қыз-келіншектеріміздің мерекесі – 8 наурыз бүгінде халықаралық деңгейде тойланып келеді. Ежелгі Римдіктер көктемнің алғашқы айын әйелдер мейрамы деп таңдап алған екен. Мерекеледе ер-азаматтар әйелдер қауымына деген ізгі тілектерін білдіріп, сый-құрметпен қуанып жатады. Тіпті ерте кезде бұл күні жарлықұндер де назардан тыс қалмаған екен. Бұл күн – жақсылықтың нышанындай, ардақты арулардың таза көңіліндей жайдарлы.

Продолжение. Начало на 1 стр.

Программа образовательного проекта «Идеи, меняющие мир» - «Казахстанский путь: Мәңгілік Ел» включила 4 лекции о концептуальных идеях и глобальных инициативах главы государства, интересные и познавательные экскурсии по Библиотеке Лидера Нации, Национальному музею РК, Музею Первого Президента РК.

«В этом году мы значительно расширили тренинговую часть семинара с применением коучингового подхода. Курс предполагает самостоятельную, практическую работу слушателей в три этапа. На первом этапе мы обучаем молодежь основам проектного мышления, технологиям долгосрочного прогнозирования - форсайт, учим быть патриотами и задуматься о том вкладе в развитие нашего государства, который каждый молодой казахстанец может сделать сегодня. На втором этапе проводим вебинары по обсуждению инновационных проектов», -

ИДЕИ, МЕНЯЮЩИЕ МИР



отметила старший научный сотрудник Службы социально-просветительских проектов Людмила Бурлаченко. Следует отметить, что в сентябре площадка соберет самых лучших участников проекта на двухдневный

семинар-тренинг, которые представят свои самостоятельные проекты.

Аскар АСКЕРОВ,

докторант 1 курса кафедры
«Менеджмент и маркетинг»



Жыл сайын еліміздің түкпір-түкпірінен мыңдаған түлек Алматыға арман арқалап келіп, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ілімін жалғастырып жатады. Ол мәңгі жасыл шыршасы мен қалың қарағайы жарасқан қалашықта орын тепті. Алдыңғы толқын ағалар мен кейінгі толқын інілердің болашағына бағыт берген де ҚазҰУ.

Мен де осы университеттің түлегімін. Онда да үш рет «түлек» атандым. Яғни, «География» мамандығында бакалавриат,

Қарашаңырақ

магистратура және докторантурада білім нәрінен сусындау бұйырды. Қазір география және табиғатты пайдалану факультетінің география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасында аға оқытушы қызметіндемін.

Біздің факультет географ, эколог, гидролог, метеоролог, картограф, туризм саласының мамандарын дайындап шығарады. Мұнда студенттердің түрлі ғылыми жобалармен айналысуына мол мүмкіндік жасалған. Ұстаздар да үнемі біліктіліктерін арттырып, шетелдіктермен тәжірибе алмасудан кенде емес.

Жалпы, ҚазҰУ деген сөзді естігенде, ойға бірден сапа, дәреже, бәсеке, жүйрік, көшбасшы, абырой, білікті деген сөздер оралады. Бұлай ауыз толтырып айтуға себеп те жетерлік. Мәселен, университетіміз

QS халықаралық рейтингінде 800 ЖОО арасында 236-орынды бағындырып, әлемдік ең үздік 250-топ ЖОО қатарына енді.

Қазақ ұлттық университеті – еліміздің қоғамдық өмірі мен білімі, ғылымы, жалпы оқу-ағарту саласының қалыптасуы мен дамуы кезеңдерінің куәгері. Қасиетті қарашаңырақ тарихының әрбір кірпіші оның белгілі ғалымдары, оқытушылары мен студент жастарының талмас қайраты мен күнделікті еңбегінің арқасында қаланған.

Айсұлу ҚАЛИМУРЗИНА,

география, жерге орналастыру және
кадастр кафедрасының аға оқытушысы

Осы айтулы мерекемен, қалашығымыздың нәзік жанды барша аруларын химия және химиялық технология факультеті, аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының «Colla» атты студенттік ғылыми үйірмесі атынан шын жүректен құттықтаймыз! Сіздерге және отбасыларыңызға амандық, құт-береке, дендеріңізге саулық, ұзақ әрі шаттыққа толы ғұмыр тілейміз.

Жастарды білім нәрімен сусындату жолында атқарып жатқан еңбектеріңізде табыстарға жетіп, үлкен биіктерден көріне берулеріңізге шын жүректен тілектеспіз. Әрқашан толысқан айдай ажарланып, күлімдеген күндей нұрланып, шаттық пен қуанышқа бөленіп, береке-бірліктің бастаушысы, игі істердің қостаушысы болып жүре беріңіздер.

«Күннің шуағы – жылы, ананың құшағы – жылы» дегендей, дүниеде ананың балаға және барша адамзатқа деген мейірімі мен махаббатынан асқан құдірет жоқ. Сол себепті жер бетіндегі жақсылық атаулы аналардың үлкен жүрегімен әрленеді десек, олардың еңбектерін бағалап, сый құрмет көрсету парызымыз екенін ұмытпайық.

Н. СӘДУАҚАСОВА,
«Colla» студенттік ғылыми
үйірмесінің мүшесі;
жетекшісі **Б. ТҮСІПОВА**

Бәрі де Сіздер үшін



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Анвар ҮШҮРОВ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №116

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.